

Аудандық эвакуациялық қабылдау комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 64/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 4 маусымда N 2545 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес және аудан аумағында азаматтық қорғаныстың эвакуациялық шараларын ұйымдастыру және орындау, төтенше жағдайлар кезінде тұрғындардың қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық эвакуациялық қабылдау комиссиясы құрылып, құрамы заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатқа енгізілсін.
2. Аудандық эвакуациялық қабылдау комиссияның Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

М а й а у д а н ә к і м д і г і н і н
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р д е г і
" А у д а н д ы қ э в а к у а ц и я л ы қ
қ а б ы л д а у к о м и с с и я с ы н құ р у
т у р а л ы " N 6 4 / 1 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Аудандық эвакуациялық қабылдау комиссиясының Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Май ауданының эвакуациялық қабылдау комиссиясы (бұдан әрі Комиссия) эвакуация кезінде келіп жатқан елді қарсы алуға, оларды есепке алуға және орналастыруға, сол сияқты келіп жатқан елді қалыпты өмірге барлық қажеттілікпен қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын бақылауға арналған консультативтік - кеңесші орган.

2. Комиссия Азаматтық қорғаныс бастығының (аудан әкімі) жұмысшы

органы болып табылады және эвакуациялық шаралардың барлық кешенінің орындалуы мен олардың жан - жақты қамтамасыз етілуін жауапкершілігіне а л а д ы .

3. Комиссияға басшылық жасауды аудан әкімінің әлеуметтік және экономика мәселелер жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

4. Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органдардың, олардың қызметтерінің, әскери комиссариатты ұйымдастыру тағы басқа өкілдері кіреді. Комиссия мүшелерінің дербес құрамы мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

5. Комиссия өзінің өкілеттілігін жергілікті атқарушы органдармен, сол сияқты меншік түрлеріне қарамастан ұйымдармен өзара іс-әрекетте жүзеге а с ы р а д ы .

6. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының басқа да Заңдарына, өкілетті атқарушы органдардың нормативтік - құқықтың актілеріне, сол сияқты осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Комиссияның негізі міндеттері

7. Б е й б і т у а қ ы т т а :

1) Ауданының төтенше жағдайлар бөлімі (төтенше жағдайлар жөніндегі маман) бірлесе отырып қоныс аударған елді қабылдау және орналастыру ж о с п а р ы н ә з і р л е й д і .

2) Ауданның азаматтық қорғаныс қызметтерімен бірлесіп қоныс аударған елді қорғау және жан-жақты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді.

3) Жинаушы және қабылдаушы эвакуациялық пункттердің әкімшілігін дайындауды ұйымдастырады, жергілікті атқарушы органдарда барлық меншік түрлеріндегі ауылшаруашылық кәсіпорындарында эвакуация қабылдау комиссияларының құрылуына және дайындығына бақылау жасауды жүзеге а с ы р а д ы .

4) Қауіпсіз аймақты игеру мәселелері бойынша тұрғындардың аудан аумағына орналастыру жоспарланған қалалардың ұйымдарымен байланыс жасап т ұ р а д ы .

8. Эвакуациялық шараларды дайындауға өкімін алысымен:

1) Жергілікті атқарушы органдардың эвакуациялық қабылдау комиссияларының даярлыққа кіргізілуін бақылауды жүзеге асырады.

2) Қоныс аударылғандарды қабылдау, орналастырылу, қамтамасыз етілу ж о с п а р ы н а н ы қ т а й д ы .

3) Аудан аумағындағы жаяу қоныс аударудың жол бағытын даярлауды ұйымдастырады. Шоғырлану пункттерін қоныс аударушыларды қабылдауға д а й ы н д ы ғ ы н б а қ ы л а й д ы .

4) Шоғырлану пункттерінің, жасау қоныс аударудың жол бағыттарындағы

тынығатын жерлердің, қабылдау эвакуациялық пункттерін және елді орналастыру пункттерінің аймағындағы қоныс аударушылар үшін бары мен жетіспейтін баспаналардың құрылысының дайындығына бақылау жасауды жүзеге асырады.

9. Елдің қоныс аударылуына өкім алысымен:

1) қабылдау эвакуациялық пункттері мен шоғырлану пункттері ұйымдастырылды. Елді қабылдау және орналастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың эвакуация қабылдау комиссияларының жұмысына басшылық жасайды.

2) Елдің келуі және орналастырылу жөнінде деректер жинайды, жинақтап қорытады және бұл туралы белгіленген мерзімде ауданның азаматтық қорғаныс бастығына және облыстық эвакуациялық комиссияға баяндайды.

3) Сәйкес қызметтермен өзара іс-әрекет жасап, келіп жатқан елдің қамтамасыз етілуін және қорғалуын ұйымдастырады.

3. Комиссияның құқықтары

10. Азаматтық қорғаныстың бастығы (аудан әкімі) тапсырмасы бойынша комиссия:

1) Эвакуация шараларын ұйымдастыру мен өткізу мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың әрекеттерін үйлестіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) Комиссияның құзырлылығына жататын нормативтік-құқықтық мәселелері өз ірлеуге қатысуға;

3) Комиссияның құзырлығына жататын мәселелер жөнінде жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғаларын тыңдауға;

3) Жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардан олардың қызметі жөнінде Комиссияның жұмысы үшін қажетті ақпараттар сұратуға құқылы.

4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

11. Комиссия өз қызметін оның төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай ең кемінде жарты жылдықта бір рет өткізіледі.

1) Аудан әкімінің немесе әкімдігінің шешімін талап ететін мәселелер бойынша Комиссия белгіленген тәртіпке сәйкес ұсыныстар шығарады.

2) Өз құзырлығына сәйкес Комиссия қабылдайтын шешімдер ұсыныс түрінде болады.

3) Комиссия өздерінде қаралатын және шешілетін мәселелер бойынша аудан әкіміне ақпарат беріп тұрады.

